

**8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант  
Ауанасова Акерке Туребековнаның «Қазіргі кезеңдегі жүйелі вакулилтер: клиникалық-зертханалық сипаттама  
және науқастарды жүргізу стратегиясын оңтайландыру» тақырыбына дайындалған мақалалар сериясы  
нысанында диссертацияға ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

<b>р/ н №</b>	<b>Өлшемшарттар</b>	<b>Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <b><u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></b></p>	<p>Акерке Туребековна Ауанасованың «Қазіргі кезеңдегі жүйелі вакулилтер: клиникалық-зертханалық сипаттама және науқастарды жүргізу стратегиясын оңтайландыру» тақырыбы бойынша жасалған диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы «Өмір және денсаулық туралы ғылым» жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>косады/қоспайды</u></b> , ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған/ашылмаған</u></b> .	<p>Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға айтарлықтай үлес косады, жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі күмән тудырмайды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері қазіргі ревматологиялық тәжірибеленің қажеттіліктерін қанағаттандырады. Зерттеу нәтижелері тақырыптың өзектілігі мен жаңалығын толық растиайды. Осы диссертациялық жұмыстың теориялық ережелері мен</p>

			тәжірибелік нәтижелері, атап айтқанда «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19-ға қары екпеден (SARS-CoV-2) кейін жүйелі вакуулиттерді басқару жөніндегі ұсыныстар» медициналық мекемелердің ғылыми-зерттеу және клиникалық жұмысына енгізілген (енгізу актілерімен расталады). Сонымен катар, диссертация нәтижесінде екі авторлық қуәлік алынды. Дәрігерлердің COVID-19 кезінде антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен байланысты вакуулиттерді басқаруды (ANCA) (AAV) түсінуін бағалауга арналған сауалнама басқа да ревматологиялық ауруларды зерттеуде қолданылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғары рейтингті журналдарда (Scopus, Web of Science) жарияланды. Scopus дерекқорына сәйкес, осы зерттеудің нәтижелері бар ғылыми мақалалар халықаралық деңгейдегі 20-дан астам ғылыми жұмыстарда дәйексөз (citation) жасалған, бұл халықаралық ғылыми қоғамдастықтың жоғары қызығушылығын көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Берілген диссертациялық жұмыс өз бетінше аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. А.Т.Ауанасова жұмысты орындау барысында дербестіктің жоғары деңгейін көрсетті. Докторант диссертация міндеттерін орындау үшін заманауи зерттеу әдістемелерін қолданды. Автор зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне белсенді қатысып, базаны өз бетінше қалыптастырган. Накты материалды статистикалық өндегу заманауи деңгейде жүргізілген, бұл алынған нәтижелерді дұрыс түсіндіруге, корытындылар мен практикалық ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді. Докторант жарияланымдардың басым белігінде автор-корреспондент және бірінші автор болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Жұмыстың өзектілігі Қазақстан үшін де, бүкіл әлем үшін де мәселенің жоғары маңыздылығымен шартталған және негізделген. Жүйелі вакуулиттер аурудың дебютінде диагностиканың киындығына, көпағзалы зақымдануға және мүгедектіктің жоғары қаупіне байланысты клиникалық медицинаның өзекті мәселесі болып табылады. Докторант зерттеу жұмысы барысында COVID-19 (SARS-CoV-2) және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен (вакцинациясынан)

		<p>кейін ЖВ басқару бойынша ұсыныстар дайындағы. Сонымен бірге КР және шет елдердің денсаулық сақтау саласы мамандары арасында жүйелі васкулиттер (ANCA-associated vasculitis) бойынша сауалнама жүргізіп, дәрігерлердің жүйелі васкулиттерге көткесті білімі мен түсініктерін бағалады. Бірінші буын дәрігерлерінің (терапевттер, ЖТД) жүйелі васкулиттер туралы хабардарлышын арттыру, сондай-ақ ерте, жедел диагностика жасау және уақытылы емдеу ерекше маңызға ие. Докторант өз жұмысында жүйелі васкулиттер науқастарының демографиялық, клиникалық және анамнестикалық ерекшеліктерін зерттеп, диагноз қоюдың кешігүіне алып келетін факторларды бағалаған және COVID-19 (SARS-CoV-2) инфекциясы мен екпеден (вакцинациядан) кейін алғаш рет пайда болған жүйелі васкулиттер талдауын жүргізді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>айқындайды;</u></b></li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындаамайды.</li> </ol>	<p>Барлық жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбын толығымен қамтиды. Докторант диссертацияның бастапқы мақсаттары мен міндеттерін толық қамтитын шолу, түпнұсқа (original) және жағдайға негізделген шолу (case-based review) мақалаларын жариялады; барлық жарияланымдар мәлімделген тақырыпқа толық сәйкес келеді. Автор қойған мақсаттар мен міндеттер толығымен шешімін тапқан.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері әдеби талдау және зерттелетін мәселе бойынша жеке мәліметтер негізінде анықталған. Зерттеудің міндеттері накты тұжырымдалған және зерттеудің мақсатына жетуге бағытталған. Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен бес міндеті диссертацияның жарияланған тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок.</li> </ol>	<p>Автор жариялаған барлық ғылыми жарияланымдар логикалық тұрғыдан өзара байланысты. Жүйелі васкулиттер туралы әдебиеттерге шолу қазіргі кезеңдегі тақырыптың қаншалықты зерттелгенін толық ашады. Эрбір жарияланым алдынғы басылымның қосымшасы және жалғасы болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдалған тұжырымдар диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі ережелерін толық көрсетеді және қойылған міндеттерге сәйкес келеді.</p>

		<p>Докторантпен дайындалған практикалық нұсқаулар жұмыс мазмұнынан туындауды және COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен (вакцинациясынан) кейін жүйелі вакулилттерді басқару бойынша ұсыныстар түрінде ұсынылады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау ішінәра жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор жұмыс тақырыбы бойынша заманауи әдебиеттерге егжей-тегжейлі сынни талдау жасаған. Жүйелі вакулилттерді зерттеу саласындағы қазіргі жағдайды бағалау тұжырымдалған және дәлелденген, отандық және шетелдік денсаулық сақтауда қолданылатын негізгі шешімдер анықталған, соның негізінде өз пікірі тұжырымдалған және шешімдер кешені ұсынылған.</p>
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li>2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</li> </ol> <p>Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа:</p> <p>COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен (вакцинациясынан) кейін ЖВ басқару бойынша ұсыныстар әзірленді (2023 жылғы «21» қыркүйектегі №39155 авторлық күәлік). Сондай-ақ, дәрігерлердің COVID-19 кезінде антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен байланысты вакулилттерді (ANCA) (AAV) басқаруды түсінуін бағалау үшін бірегей сауалнама әзірленді. Зерттеу емдеуші дәрігерлердің ANCA-мен байланысты вакулилттердін (AAV) диагностикасында және AAV науқастарын жүргізуде гетерогенділікті анықтады. COVID-19 кезінде AAV диагностикасы мен еміне қатысты консенсус жоқ. Дегенмен, барлық респонденттер медициналық ЖОО білім алу кезінде AAV бойынша білім деңгейін арттыру қажеттілігі туралы мәлімдемеде біртұтас болды.</p> <p>Жұмыстың негізгі аспектілерінің өзектілігі мен жаңашылдығын зерттеу нәтижелерінің жоғары рейтингті халықаралық ревматологиялық рецензияланатын басылымдарда жариялануын раставды.</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жана;</u></b></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толығымен жаңа және қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері COVID-19 инфекциясы мен COVID-19 екпелері (вакциналары) бастапқы вакулиит фенотиптеріне ұксас жүйелі вакулииттер тудыруы мүмкін екенін көрсетті.</p> <p>COVID-19 (SARS-CoV-2) кейін дамыған вакулииттер барлық көлемдегі қан тамырларды закымдайды, сондықтан оларды Чапел Хилл консенсусында «Вируспен байланысты арнайы вакулиит» ретінде класификациялау ұсынылды. Жүйелі вакулиит диагностикасының кешігүіне алып келетін факторларды бағалау барысында жүйелі вакулииттер таралуының салыстырмалы түрде төмен болуы және жалпы тәжірибелі дәрігерлердің жеткілікіз хабардар болуы, жүйелі вакулииттердің клиникалық белгілерінің біркелкі еместігі диагностиканың кешігүін болжайтыны анықталды. Терапевттердің, жалпы тәжірибелі дәрігерлердің хабардарлығын арттыру, науқастардың ревматологиялық көмекке уақытылы қол жеткізу жүйелі вакулииттер әсерінен болатын закымдану деңгейінің төмендеуіне және өмір сүру сапасының жақсаруына алып келетін уақытылы емнің басталуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Жүйелі вакулиит науқастарын демографиялық, клиникалық- анамнестикалық ерекшеліктерін ретроспективті зерттеу науқастарда кант диабеті, темір тапшылығы анемиясы, жүректің ишемиялық ауруы, гипертония және асқазан-ішек жолдарының аурулары сияқты қатар жүретін патологиялары болғанын көрсетті. Зерттелген топтарда науқастардың 27,1%- да мүгедектік анықталды, науқастардың көшілігінде II топ мүгедектігі бар. Бірмезетті көлденең талдау (cross- sectional study) (онлайн-сауалнама) нәтижесінде деңсаулық сактау мамандары арасында AAV- ге қатысты диагностика мен емдеуде гетерогенділік анықталды. COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде науқастарды басқаруға қатысты консенсус жок екендігі анықталды. «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен (вакцинациясынан) кейінгі жүйелі вакулииттерді басқару бойынша ұсыныстар» әзірленді. Әдістемелік ұсыныстар</p>
--	---	--

			аутоиммунды ревматологиялық аурулары бар наукастарға медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындарының студенттері мен резиденттеріне нұсқаулық ретінде әзірленді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).		Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Жүргізілген ғылыми зерттеу барысында докторант Шымкент қаласындағы «Алинур и К» ЖШС медициналық орталығының клиникалық жұмысына, Шымкент қаласының «Студенттік емхана» ЖШС клиникалық және оқу-әдістемелік жұмысына (Енгізу актісі, 2024), және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Терапия және кардиология» кафедрасының оқу-әдістемелік жұмысына (Енгізу актісі, 2023) пайдалану үшін енгізілген «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) қарсы екпесінен (вакцинациядан) кейін жүйелі вакулилтерді басқару бойынша ұсыныстар» әзірледі (Енгізу актісі, 2024). Сондай-ақ 2 авторлық куәлік алынды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен ережелері негізделген әдістер мен нәтижелерді мұқият талдауды қолдана отырып, жеткілікті көлемде және жан-жақты зерттеуге негізделген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты кәсіби түрде құрылған және логикалық қайшылықтары жоқ. Докторант ғылыми- дәлелдемелік медицинаны ұсынатын ғылыми журналдарда («Clinical Rheumatology» (Ұлыбритания), «Rheumatology International» (Германия), «Central Asian Journal of Medical Hypotheses and ethics» (Қазақстан) мақалаларын жариялады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сурақтарға жеке жауап беру қажет:	<b>Қорғауға шығарылған бірінші ереже:</b> Зерттелген популяцияда жүйелі вакулилтер көбінесе

	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>дәлелденді;</u></b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	<p>репродуктивті жастағы әйелдерде кездеседі; жүйелі васкулиттер ең жиі анықталған түрлері Такаясу ауруы және IgA-васкулиті. Жүйелі васкулит науқастарында тірек-кимыл аппараты, ас корыту жүйесі, тері, перифериялық кан тамырлары және жүрек-қан тамыр жүйесінің зақымдануы жіі анықталды.</p> <p>Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа әрі кең қолдану шенберіне ие; Rheumatology International халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде жарияланған.</p> <p><b>Қорғауға шығарылған екінші ереже:</b></p> <p>Зерттеу емдеуші дәрігерлердің ANCA- мен байланысты васкулиттерді (AAV) диагностика жасаудың және осы науқас тобын басқарудағы гетерогенділікті анықтады. COVID-19 кезінде AAV диагностикасы мен еміне қатысты консенсус жоқ екендігі анықталды. Дегенмен, барлық респонденттер медициналық білім беру кезінде AAV бойынша білім деңгейін арттыру кажеттілігі туралы мәлімдемеде бірдей шешімге келді.</p> <p>Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа әрі кең қолдану шенберіне ие; Clinical Rheumatology халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде жарияланған.</p> <p><b>Қорғауға шығарылған үшінші ереже:</b></p> <p>ПТР тестілеу нәтижелеріне байланысты COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен (вакцинациядан) кейін жүйелі васкулит науқастарын басқару бойынша ұсыныстар әзірленді.</p> <p>Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жаңа әрі кең қолдану шенберіне ие, 1 авторлық куәлік және 3 енгізу актісі алынды, сонымен қатар Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics халықаралық рецензияланатын журналында мақала түрінде жарияланған.</p>
	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b><u>жоқ;</u></b></li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	
	<p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>ия;</u></b></li> <li>2) жоқ;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	
	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b><u>кең;</u></b></li> <li>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	
	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>ия;</u></b></li> <li>2) жоқ;</li> <li>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	

8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иғ;</u></li> <li>2) жоқ.</li> </ol>	<p>Зерттеу әдістерін таңдау негізделген және қойылған міндеттерге толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық зерттеу әдебиеттерді іздеудің дұрыс стратегияларын қолдануды қамтитын кең және егжей-тегжейлі әдістемеге негізделген; ретроспективті зерттеу (162 наукастың деректерін зерттеу); бірқатар клиникалық жағдайларды зерттеу (әлемдік тәжірибеде және Түркістан облысында жүйелі ваксулияттердің клиникалық жағдайларын зерттеу); бірмезетті көлденен (кросс-секциялық) зерттеу (денсаулық сақтау саласы мамандары арасында онлайн-сауалнама жүргізу (ревматолог, терапевт, ЖТД және т.б.)).</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзірігі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иғ;</u></li> <li>2) жоқ.</li> </ol>		<p>IBM SPSS, version 20 және IBM SPSS Statistics, version 26 деректерін өндөу бағдарламалары арқылы статистикалық өндөудің дұрыс әдістерін репрезентативті түрде іріктеу және пайдалану докторантқа деректерді дұрыс түсіндіруге және сенімді қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иғ;</u></li> <li>2) жоқ.</li> </ol>		<p>Теориялық тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар мен зандылықтар статистикалық көрсеткіштердің дұрыс және тиісті есептеулерімен дәлелденіп, расталған.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>		<p>Автордың қорғауға ұсынған барлық талаптары мен ережелері әлемдік қоғамдастықта әлеуметтік желілер мен дәйексөздер арқылы егжей-тегжейлі талқыланып, өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен қамтамасыз етілген.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	Докторант әдебиет көздерінің жеткілікті көлемін зерттеді, ол жарияланған макалаларға сәйкес 329 дереккөзді құрайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <b>бар;</b> 2) жоқ.	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы күмән тудырмайды және нәтижелерді бакалавриат студенттері, интерндер және резиденттер арасында оку-әдістемелік процестерде пайдалануға болады, сондай-ақ ЖТД, терапевттер, ревматологтар арасында тәжірибеде қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>иля;</b> 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар, зерттеу нәтижесі бойынша докторант «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19-ға (SARS-CoV-2) қарсы екпеден (вакцинациядан) кейін жүйелі ваксулилтерді басқару бойынша ұсыныстар» әзірледі, ұсыныстар медициналық ұйымдардың клиникалық және ғылыми-зерттеу жұмысына енгізілді (авторлық куәлікпен және енгізу актілерімен расталған).
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде докторант авторлық күкүйкпен коргалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (Қазақстан Республикасы) мәліметтер енгізу туралы 2 куәлік алды: «Дәрігерлердің COVID-19 кезінде антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен (ANCA) (AAV) байланысты ваксулилтерді басқаруды түсінуін бағалауға арналған сауалнама», 2023 жылғы «21» шілде № 38061; «COVID-19 кезінде және COVID-19-ға қарсы екпеден (вакцинациядан) кейін жүйелі ваксулилтерді басқару бойынша ұсыныстар», 2023 жылғы «21» қыркүйек № 39155
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс Web of Science Core Collection және Scopus дереккорларына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 6 макаламен және КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне кіретін 1 макаламен ұсынылған. Жұмыс анық және нақты мазмұндаумен, логикалық баяндаумен және баяндаудың жақсы стилімен ерекшеленеді. Академиялық жазудың сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер	Ғылыми жұмыстар жоғары деңгейде жазылған. Ескертулер жоқ.	

12.	<p>Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда рееси рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p><b>1. Мақала:</b> «New-onset systemic vasculitis following SARS-CoV-2 infection and vaccination: the trigger, phenotype, and outcome» («SARS-CoV-2 инфекциясы және екпендер кейін жаңадан пайда болған жүйелі васскулит: қоздырғышы, фенотипі және нәтижесі»)</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Мақалада COVID-19 және оған қарсы екпенің жүйелі васскулиттерге әсері, сондай-ақ аурудың және иммуносупрессияның COVID-19 екпесінің иммуногенділігіне әсері егжей-тегжейлі зерттелген. Ізденуші жеке зерттеу нәтижелеріне, басқа да халықаралық рецензияланатын рейтингі жоғары журналдарда жарияланған зерттеу жұмыстарына және беделді халықаралық қауымдастықтардың (EULAR, ACR, т.б.) ұсыныстарына сүйене отырып, COVID-19 пандемиясы кезінде жүйелі васскулитпен ауыратын науқастарды басқару бойынша ұсыныстар әзірледі. Бұл ұсыныстар бірнеше медициналық мекемелер мен медициналық білім беретін жоғарғы оқу орнының практикалық, ғылыми-әдістемелік жұмыстарына енгізілді.</p> <p><b>2. Мақала:</b> «SARS-CoV-2 as a trigger of IgA vasculitis: a clinical case and literature review» («SARS-CoV-2 IgA васскулитінің қоздырғышы ретінде: клиникалық жағдай және әдебиеттерге шолу»)</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Бұл макалада SARS-CoV-2 әсерінен пайда болған IgAV құжатталған жағдайлары мен жеке анықтаған жағдай мүқият талданып, сипатталған. Шолуда сипатталған жағдайлар COVID-19 мен IgAV арасындағы ықтимал байланысты көрсетеді. SARS-CoV-2 IgAV дамуының себебі болуы мүмкін. IgAV белгілері коронавирустық инфекция кезінде немесе кейін (бірнеше күн немесе ай) пайда болуы мүмкін. Медицина қызыметкерлері науқастарға жедел және тиімді көмек көрсету үшін COVID-19 мен IgAV арасындағы ықтимал байланыс туралы хабардар болуы қажет. Ауруды ете анықтаудың және терапияны ерте бастаудың маңызы жоғары, бұл науқас жағдайын тез қалпына келтіруге септігін тигізеді.</p> <p>Бұл макала практикалық денсаулық сақтау үшін құнды болып табылады, сонымен қатар ревматологтар және ревматологтармен сабактас мамандар үшін IgAV клиникалық сипаттамаларын түсінуге, аталған дәрігерлер тобын осы ауруды уақытылы әрі дұрыс диагностикалауға және емдеуге шақыруға көмектеседі.</p> <p><b>3. Мақала:</b> «Diagnostic delays in systemic vasculitides» («Жүйелі васскулиттер диагностикасының кешігі»)</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Бұл шолу макаласында біріншілік васскулиттер диагностикасының кешігі және оған алып келетін себептерге ерекше назар аударылған. Кешенді талдау нәтижесінде аталған ауру тобын ерте анықтау және емдеудің ықтимал қадамдары ұсынылды. Оларға медицина мамандары мен жалпы халықтың жүйелі васскулит белгілері мен көріністері туралы хабардар ету, ревматологтар штатын көнектізу және дәрігерге уақытылы жүгінуді женилдету, ерте анықтау үшін онай әрі қол жетімді және сенімді сынақтарды енгізу, емдеу және диагностикалық әдістерді онтайландыру кіреді. Мұндай шаралар ұзақ мерзімді ремиссияны, зақымдану көлемі мен деңгейін азайтуды және өмір сұру сапасын жақсартуды қамтамасыз ету арқылы аурудың жалпы нәтижелерін жақсарта алады.</p> <p>Макаланың денсаулық сақтау саласы үшін теориялық және тәжірибелік құндылығы мен маңыздылығы жоғары.</p>
-----	--	---

**4. Мақала: «The impact of the COVID-19 pandemic on patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study» («COVID-19 пандемиясының жүйелі васкулит науқастарына әсері: бір орталықты ретроспективті зерттеу»)**

Еылыми деңгейі: Бұл зерттеу жұмысының практикалық медицина мамандары үшін жүйелі васкулиттердің клиникалық және анамнестикалық ерекшеліктерін, сонымен бірге жүйелі васкулиттердің науқастардың әлеуметтік жағдайына әсерін түсінуде үлкен маңызға ие. Қазақстан Республикасында алғаш рет қазіргі жағдайда ересек тұрғындар арасында жиі кездесетін жүйелі васкулит түрлері мен сипаттамалары бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері медициналық тәжірибе мен науқастарға құтім көрсетуді жақсарту үшін құнды ақпарат бере алады. Жұмыс жүйелі васкулит науқастарын жынысына, жасына және әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне қарай зерттеуді қамтиды. Макала КР және бүкіл әлемде маңызды, өйткені ол осы саладағы ғылымның дамуына ықпал етеді.

**5. Мақала: «Clinical and anamnestic features of patients with systemic vasculitis: a single-center retrospective study» («Жүйелі васкулит науқастарының клиникалық және анамнестикалық ерекшеліктері: бір орталықты ретроспективті зерттеу»)**

Еылыми деңгейі: Макалада Қазақстан Республикасында кездесетін жүйелі васкулит ерекшеліктері туралы жан-жақты зерттелген және талданған құнды ақпараттық материалдар берілген. Зерттеу науқастар арасында жүйелі васкулиттер жиі зақымдаған ағзалар мен жүйелерді анықтау, науқастардағы қосалқы аурулар, сондай-ақ науқастар арасындағы мүгедектіктің жоғары пайызын анықтау арқылы мәселенің өзектілігіне назар аударады.

**6. Мақала: «Physicians' perceptions about antineutrophil cytoplasmic antibody-associated vasculitis: an online survey report in the time of the COVID-19 pandemic» («Дәрігерлердің антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен байланысты васкулиттер туралы түсініктері: COVID-19 пандемиясы кезіндегі онлайн сауалнама есебі»)**

Еылыми деңгейі: Диссертациялық зерттеу жұмысы аясында алғаш рет Қазақстан Республикасында және шет елдердегі медицина қызметкерлері арасында жүйелі васкулиттер (AAV) бойынша сауалнама жүргізілді, дәрігерлердің жүйелі васкулиттердің клиникалық аспектілері туралы білімі мен түсінігі бағаланды. Бұл зерттеу әртүрлі елдердегі дәрігерлердің AAV түсініндегі айырмашылықтарды анықтауға, оған қоса заманауи тәжірибе мен емдеудегі соңғы өзгерістер туралы ақпарат алуға көмектесті. Макалада сондай-ақ AAV науқастарын COVID-19 емдеу туралы ақпарат берілді. Сауалнама медицина мамандарының стандартты анықтамаларды әлі де толық түсінбейтіндігін және нұсқаулар мен қазіргі тәжірибе арасындағы алшактықтың бар екенін көрсетті. Макала өзектілігі күмән тудырмайды, практикалық маңызы жоғары. Докторант осы сауалнама үшін авторлық куәлік алды. Сауалнаманы басқа нозологиялар бойынша зерттеу жүргізу үшін де қолдануға болады, бұл, өз кезегінде, жұмыстың теориялық маңыздылығын көрсетеді.

**7. Мақала: «Systemic vasculitis in Kazakhstan: a complex research approach» («Қазақстандағы жүйелі васкулиттер: кешенді зерттеу әдісі»)**

		<p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Мақалада жүйелі вакулилттер ерекшеліктерін төрөн түсінуге бағытталған кешенді зерттеу ұсынылған. Зерттеудің әртүрлі әдістерін, соның ішінде ретроспективті талдауды, аналитикалық әдістемені және бірмезетті көлденең зерттеу (онлайн сауалнама) әдістерін тандау және қолдану негізделген. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасында жүйелі вакулилттер туралы хабардарлықты арттыру және оларды емдеу тәсілдерін онтайландыру бойынша жоғары маңызға ие. Жалпы зерттеу жұмысы бойынша ұсынылған нәтижелер клиникалық тәжірибеге айтарлықтай әсер етіп, осы саладағы медициналық көмектің сапасын жақсартуға үлес қосады.</p> <p>Докторанттың барлық мақалалары толық ғылыми жаңашылдығымен, өзектілігімен, дұрыс және дәлелді әдістерді тандаумен сипатталады. А.Т.Ауанасованаң ғылыми мақалаларының Қазақстан Республикасы мен халықаралық қауымдастық үшін маңызы зор. Олар осы саладағы ғылымды, денсаулық сақтауды және білім беру процестерін дамытуға, өзекті мәселені шешуге, тиімді саяси шешімдер қабылдаудың басымдықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖӘОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖӘОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);</li> <li>2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармагында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінara сәйкес келсе және</li> </ol>	<p>Осылайша, «Қазіргі кезеңдегі жүйелі вакулилттер: клиникалық-зертханалық сипаттама және науқастарды жүргізу стратегиясын онтайландыру» тақырыбында рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ішкі бірлік, практикалық құндылық, ғылыми жаңалық, дәйектілік және академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып орындалған, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады; КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің медицинада философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал ізденуші Ауанасова Акерке Туребековна 8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.</p>

<p>(немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді; 3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.</p>	
---	--

PhD, ішкі аурулар кафедрасының доценті м.а.,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



Тримова Г.Ш.

